АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№3 АРНАЙЫ МЕКТЕП» КММ

КГУ «СПЕЦИАЛЬНАЯ ШКОЛА №3» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**«13» 01 2025 ж.** **№ 4-н/қ**

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 109 тармағы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ-нің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын:

**Комиссия төрайымы**:

**Г. Т. Абдигалиева** – мектеп директоры.

**Комиссия мүшелері:**

**Л.Н.Айтурова** – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
**Д.Ж. Торғауыт** - әлеуметтік педагог;
**А.А.Темиршина** –дәрігер-педиатр;
**Э.А.Абишева** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы.
**Г.Б.Оралова** –ата-аналар комитетінің төрайымы.

2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия күнделікті перспективалық мәзірді, балалардың нақты тамақтануын және асхананың санитарлық жағдайын, келіп түсетін азық-түлік өнімдерінің сапасын, дайындалған ыдыстардың жағдайын, технологиялық жабдықтың болуы мен жұмысқа жарамдылығын, сақтау мерзімі мен шарттарын сақтауды, өнімді жеткізуді, дайын тағамдарды, белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауға міндетті.

3. Комиссия жұмысының нәтижелері ай сайын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қаралатын ақпарат түрінде орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **Г.Т. Абдигалиева**